Ғалым, ұстаз, азамат өткелдері

тану еді. Мәскеу нұсқаған сара жолдан танбайтын "жол жорғалары" ауыр тиген жаңа кезеңде ғылым саласын ұлт ныгметіне ойыстыра еңбектенудің тәсілін табу әркімнің еншісіне тимейтін тың бағыт еді.

Менің біраз құрдастарымның екінші тынысы осы бір кезеңде ашылған. Жас мемлекеттің іргетасын қалау әрбір елжанды азаматтың пешенесіне бұйырған қастерлі парыз десем болғандай. Саясатта ғана емес, ғылымда да түбегейлі бетбұрыс, басқа көзқарас қажет болды. Ғалым көп болғанмен, оқулық жаза алатын, шәкірт танымын бағамдай алатын кәсіби деңгейі кемел азаматтар азын-шоғын ғана. Солардың бірі Төлеутай Несіпбаев болатын. Өте тиянақты, еңбекқор, қажырлы да адал, ісіне тастай мығым, талапшыл ғалым-ұстаздың бітіргені мол. Өзінің тікелей мамандығы физиология болғанымен, тілді жетік меңгеруі ешбір филологтан олқы түспейтіндігін оның жазған сөздіктерінен тану қиын емес. Кеңестік ғылым мектебінің озық үлгісін тәуелсіз елдің бағына шебер пайдалана білген Төкең еңбектерінің маңызы айрықша дер едім.

Биология ғылымдарының докторы, Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, профессор Төлеутай Несіпбайұлы Несіпбаевтың күллі саналы ғұмыры жарты ғасырдан астам уақыт бойы зоотехникалық-малдәрігерлік оқу орнымен тығыз байланыста өтіп келеді.

Ол Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының есігін алғаш 1956 жылы мал дәрігерлік факультетіне студент болу ниетімен ашқан еді. Оқуын 1961 жылы үздік бағамен бітірді. Содан институттың ғылыми кеңесі ұйғарымымен физиология кафедрасында оқытушылық қызметке қалды. Жас маман осында ұлтымыздың ардақты қызы, үлкен ғалым Нәйла Базанованың басшылығымен ұстаздық қызмет атқарумен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданды.

Содан бері Төлеутай Несіпбаев ғылыми зерттеушілік және оқытушылық жұмыстарын қоғамдық қызметпен де үйлестіре ұштастырып, университет қабырғасында абыроймен еңбек етіп келеді. Ол бұрынғы Кеңес одағының зиялы қауымына да, бүгінгі тәуелсіз еліміздің жалпы жұртшылығына да кеңінен танымал ғалым, жоғары білім беру саласында өзіндік жол салған құрметті ұстаз. Үлкенге ізетті іні, кішіге ардақты аға, замандасына жетелі жетекші, әріптестеріне жол көрсете білген ардақты азамат. Ғалым, ұстаз, азаматтың өнегелі өткелдері өскелең ұрпаққа еліктеуге лайық жарқын үлгі бола бермек.

Төкең 1938 жылғы 10 мамырда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Талдыбұлақ ауыл кеңесіне қарасты Серго атындағы шағын ғана ұжымшарда (кейінірек іріленіп — "Ақтоғай" колхозына, соңынан "Жаңатас" совхозына айналған) дүниеге келген. Төкеңнің әкесі Исабеков Несіпбай ақсақал майдан көріп, қан кешкен, одан жараланып елге оралған соң колхоз басқарып, еңбек майданында арпалысқан ойлы, парасатты, еліне сыйлы азамат екен. Анасы Тұрсын болса, қазақ қызына тән биязылық пен байыптылықты, имандылық пен мейірбандықты бойына сіңірген ардақты ана екен. Көп балалы отбасында өскен Төлеутері ғалымның "Қойларды тиімді азықтандырудың физиологиялық негіздері" атты кітабында баяндалып (1980), профессор А.Голиков, академиктер Н.Базанова, З.Кожебеков, т.б. орыс тілінде жазған "Ауыл шаруашылығы малдары физиологиясы" атты сол кездегі одақтық оқулыққа енді.

Бұл күнде Төлеутай Несіпбаевтың ғылыми жаңалықтары бұрынғы Одақтың жиырмадан астам жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына еніп, қазіргі таңда білікті мал дәрігерлері мен зооинженерлерді дайындау ісінде қолданылып келеді.

Төлеутай Несіпбайұлы Қазақстан физиология ғылымының өкілі ретінде көп елдерде ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысты, республиканың ғылыми жетістіктерін халықаралық деңгейде паш етіп, жоғары дәрежеде көріне білді. Ғалымның ғылыми-зерттеулерінің нәтижелері халықаралық және бұрынғы Одақтың физиолог ғалымдарының форумдары талқысынан өтіп (Душанбе, 1966; Алматы, 1969, 1979; Фрунзе, 1971; София, 1972; Львов, 1977; Баку, 1983; Ярославль, 1987 т.б.), жоғары бағаланған.

Аталған зерттеулердің ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып, ғалым "Азықтандыру жағдайына байланысты биязы жүнді және кроссбредті қойлардың мес қарны мен бүйеніндегі ас қорыту процестері" деген тақырыпта докторлық диссертация жазды. Ғылыми еңбек 1990 жылы Мәскеудегі К.А. Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының арнаулы кеңесінде қорғалып, бірауыздан қолдауға ие болды.

Төлеутай Несіпбайұлы 200-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы. Оның ішінде 7 оқулық, 5 оқу құралы мен сөздік, екі ғылыми-танымдық кітап, монография мен жинақтар бар. Ғалымның ғылыми еңбектері алыс және жақын шетелдерге кеңінен танымал көрнекті ғалымдар тұрғысынан өте жоғары бағаланып, теориялық маңызы зор зерттеулер ретінде танылған.

Төлеутай Несіпбайұлы — қай кезде болмасын ұлтжандылығымен ерекшеленген азамат. Ол Қазақстанның арнаулы жоғары оқу орындарында студенттерді ана тілімізде оқыту қажеттігін алғашқылардың бірі болып көтерді. Оның өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында-ақ қазақ тілінде оқулық жазып шығаруға талаптанғанын әріптестері біледі. Өкінішке қарай, ол кезде қолжазбасы тартпадан шықпай, талпынысы орындалмаған арман күйінде қалды. Дегенмен, оның қаламынан сонау 1980 жылдардың басында-ақ қазақ тілінде ғылыми-танымдық бірнеше кітап туып, кейінірек ондаған оқу-әдістемелік және жетекші оқу құралдары жарық көрді.

Еліміз егемендігін алып, аспанымызда тәуелсіздік туы желбіреген күннен бастап ұстаз-ғалым өзін толығымен ағартушылық қызметіне арнады. Өйткені егемендік алу бар да, ел байлығына ие болу, оны молайту бар. Тәуелсіздік алу бар да, оны қорғау, нығайту бар. Бұлардың барлығы ел

энциклопедиясы үшін биология саласына көптеген мақалалар жазды. Қысқасы, мемлекеттік тілдің ғылымдағы қолданылу өрісін кеңейту сынды жауапты іске профессор Несіпбаев сүбелі үлес қосып келеді.

Ғылым мен білімнің шыңына көтерілген кемеліне келген ғалым-ұстаз бүгінгі таңда Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Н.О.Базанова атындағы жануарлар физиологиясы және морфологиясы кафедрасының меңгерушісі. Оның басшылығымен тәжірибелі ұстаздар ұжымы оқу үдерісін мемлекеттік тілде жүргізу ісіне зор үлес қосуда. Физиология, морфология және зоология пәндерінің негізгі оқулықтарын қазақ тілінде шығару, орысша-қазақша сөздіктер, ондаған оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасау жолымен "Тіл туралы" ҚР Заңының іс жүзіне асырылуына тікелей атсалысуда.

Әрдайым өзінің іскерлігімен, әділдігімен көзге түсіп, өмірдегі принципшілділігімен, азаматтық шыншыл позициясымен ерекшеленген ол бұрынғы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында комсомол, кәсіподақ партия мектебінен өтті, кәсіподақ бюросы төрағасы, партбюро хатшысы міндеттерін атқарып, 1977 жылы институт кәсіподағы комитетінің төрағасы, ал 1978-1983 жылдары партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Екі рет Алматы қаласының Калинин ауданды атқару комитетінің депутаты, Алматы облыстық білім қоғамы басқармасының мүшесі болып сайланып, аудандық кеңес депутаттарының тұрақты депутаттық комиссиясына жетекшілік етті. Осы жылдары ол өзін іскер басшы, шебер ұйымдастырушы, қабілетті қызметкер ретінде көрсетті: институт партия ұйымы қала мен облыстағы үлгілі ұйымдар қатарына қосылды, осында бірнеше рет қалалық, облыстық, республикалық тәжірибе алмасу семинарлары мен кеңестері өткізілді.

Оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, қоғамдық-саяси жұмыстар мен жоғары білікті маманды дайындау ісіндегі табыстары үшін 1979 жылы Т.Несіпбаевқа "Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағы берілді. 1989 жылы ол КСРО Білім комитетінің "Еңбектегі үздік табысы үшін" белгісімен, 1998 жылы "Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі" атағымен марапатталған. Адал еңбек, төгілген тер елеусіз қалған жоқ. Ол "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" медалінің, "Құрмет" орденінің, 2006 жылғы "Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантының иегері.

Қазақта ниет дейтін ұғым бар. Сол ниет адамның өмірлік ұстанымына бағыт беретін қозғаушы күш. Ниетіне орай ортаңның да сағаты деген ниеті қалыптаспақ. Төлеутайдың бір әріптесі, ол туралы ойын өлеңмен әдіптепті:

Сырт көзге қаталдау боп көрінгенмен,
Мейірімі оттан ыстық жанып жатқан.

Оның ішкі дүниесін дәл айта білген екен. Иә, ол сондай азамат.

Төкеңнің ұлы Ғабит — қазақтың тұңғыш органшысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, доцент, талантты музыкант. Қызы Раушан — музыка зерттеушісі, ғылым кандидаты, доцент. Немерелері желкілдеп өсіп келеді. Тек адал жары, халқымыздың арлы даяулы қызы, ғалым және ұстаз, көркіне мінессай, барлығымыздың жүрегімізден ойып орын алған Рахия Тастанбекқызы арамызда жоқ. Тағдырдың жазуы солай шығар. Төкең өзінің және балаларының табыстары жарының риясыз еңбегінің жемісі екенін айтудан жалықпай:

Сағынтып нұрлы жүзің, кең жүрегің,
Жан тозып, күз-жапырақтай желбіредім.
Ерке наз, есіл көркің еске түссе,
Сен туған ұл мен қызға елжіредім, — деп толғанады.

Үлкен ғалым, ұлағатты ұстаз және нағыз азаматтың жас ұрпаққа берер өнегесі мол, өткелдері осындай.

Кенжеғали САҒАДИЕВ
академик